

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
«8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім  
беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу  
үшін қорғауға ұсынылған Кұсайнова Маржангүл Амантайевнаның  
«Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы  
тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына

## ШКІР

Қоғам дамуының заманауи мәселесі болашақ ұрпақты тәрбиелеуге жаңа талаптар қояды. Бұл ретте білім беру жүйесін реформалаудың негізгі бағыттарын, нормаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік және нормативтік құжаттарында қазақ халқының мәдени мұрасын, оның көп ғасырлық тәрбиелік дәстүрлерін, ғұрыптарын пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақ дүниетанымында қалыптасқан адами құндылықтардың рухани мәдениетінің ахаулы маңызды орынға ие екені белгілі. Тәрбиенің ең өнегелісі – үлгілі болу, заманауи мұғалімдердің ұлттық құндылықтарды оқушылардың көкейіне жеткізу бұл парыз деп білеміз. Жас ұрпақтың әдептілік қасиеттерін дамыту үшін, оларға игі іс-әрекеттерді үйрету қажет, сонда ғана елін сүйген ерлердің кісілік, әдептілік іс-әрекеттерін үлгі тұтары сөзсіз. Ал кісілік қасиеттер – ұлттық мәдениетті бағалау болып табылады.

Бастауыш мектептің ұлттық тәрбие жүйесінде салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың танымдық және тәрбиелік рөлі артып отыр. Осы тұрғыда бастауыш сынып мұғалімінің басты міндеті – оқушылардың білім сапасын халықаралық деңгейге жеткізуге; адамгершілікке тәрбиелеуге; тәлім-тәрбие үдерісін ұлттық негізде құруға белсенді болу, яғни жан-жақты бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Осыған орай, оқушыларды салт-дәстүр мен халық өнерінің негізінде тәрбиелеу мәдени ерекшеліктерін, этникалық ақыл-ой мен халықтың ұлттық құндылықтарын сақтау бүгінгі күннің көкейкесті проблемасы болып табылып, зерттеудің тақырыбы өзекті мәселе болып саналады.

Зерттеуде тақырыпты ашу мақсатында бірнеше ғылыми нәтижелердің алынғанын атап өтуге болады:

Теориялық деңгейде ұлттық педагогика тарихында деонтологиялық көзқарастың алғышарттарына талдау жасалып, бастауыш мектепте оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру үдерісін теориялық-әдіснамалық түрде дәлелді мәселелерінің ғылыми-теориялық негіздері анықталып, «педагогикалық деонтология», «ұлттық құндылық», «ұлттық бағдар», «құндылық» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыда негізделген.

Бастауыш сынып мұғалімі кәсіптік қызметін талаптарға сай қажетті білім, біліктілік деңгейі, сана-сезіміне сәйкес әсер ететін арнайы деонтологиялық дайындық мүмкіндіктері айқындалған.



Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негізінде қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі және оның компоненттері, көрсеткіштері мен өлшемдері, деңгейлері анықталған.

Жасалынған құрылымдық-мазмұндық модельдің негізінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға негіз болатындай бастауыш білім стандартында қамтылған оқу материалдары қарастырылған. Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негізінде қалыптастырудың оқу-әдістемелік бағдарламасы жасалып, оқу үдерісіне ендірілген.

Зерттеу жұмысының нәтижелері педагогика мен психология ғылымдары үшін маңызы бар. Өйткені диссертациялық еңбекте қазіргі заман талабына сай, бастауыш сынып мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың білім сапасын халықаралық деңгейге жеткізуге; адамгершілікке тәрбиелеуге; тәлім-тәрбие үдерісін ұлттық негізде құруға белсенді болу, яғни жан-жақты бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру мүмкіндіктері сипатталады. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларына арналған ұлттық құндылықтармен таныстыратын материалдардың қамтылуы әр сынып бойынша берген.

Ізденушінің ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференциялар мен әр түрлі ғылыми басылымдарда оның ішінде, Scopus жарық көрген еңбектерінде қамтылған.

Қорыта келе, Кусайнова Маржангул Амантаевнаның «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологиялық негізі» тақырыбында жазылған диссертация бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні жоғары ғылыми проблема шешімін тапқан.

М.А.Кусайноваға 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Пікір беруші,  
Низами атындағы Ташкент мемлекеттік  
педагогикалық университеті,  
педагогика кафедрасының профессоры,  
педагогика ғылымының докторы



М.Б. Урабова

М.Б. Урабова...ning imzosi  
tasdiqlayman Nizomiy nomli  
TDPU ilmiy Kengashining  
05.06.2023y kotibi